

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Көрісу мерекесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/134407/

КӨРІСУ МЕРЕКЕСІ

Аружан Ержанқызы

Ал сіздің бұл мереке туралы естуіңіз бар ма?

Көрісу немесе амал мерекесі депте атайды. Көрісу мерекесі адамдардың бір-бірімен амандасып, жақсы тілектер тілейтін мереке. Егерде белгілі бір себептермен 14 наурыз күні болмаған жағдайда немесе сырт жақта жүрген кезде кез-келген адам ауылға келген бойда қариялардың қолын алып, сәлем беруге тиіс. Мұндай қызықты білдіңіз бе?

Көрісу мерекесі халықтың қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-біріне “Бір жасыңмен”, “Бір жасқа есеюіңмен, осы жылға аман-сау жетуіңмен” деген сөздерді бір-біріне айтады. Бұл мерекенің тағы бір ерекшелігі: біреуге реніші бар адам өкпесін ұмытып, ренжіскен адамына кіріп амандық, саулық сұрасып көріседі. Осылайша суық қарым-қатынасты жібітеді.

Ал сіз жақта бұл мереке тойланады ма?

Айта кетейік бұл мереке 1988 жылдан бастап «Амал» деп аталды. Қазірде бұл мереке Қазақстанның Батыс өңірлерінде жалғасын тауып, тойланып жатыр.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.